

Мемлекеттік резервтен автошиналар бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 29 шілдедегі N 248

1. Қостанай облысы әкімінің автокөлік құралдарын 1997 жылы астық жинауға дайындау үшін Қостанай облысының литерлі автокәсіпорындарына мемлекеттік резервтен саны 3500 дана 260х508 автошиналар бөлу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті 1997 жылдың 1 қарашасына дейін қайтару және Қостанай облысы әкімінің кепілдікті міндеттемесімен тауарлық несиені пайдалану кезеңіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша республикалық бюджеттің кірісіне проценттер төлеу шартымен жоғарыда көрсетілген мақсатқа мемлекеттік резервтен жаңарту тәртібімен 3500 дана мөлшері 260х508 автошиналар босатсын.

3. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қостанай облысының әкіміне жүктелсін

.

Премьер-Министр